

"Фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 15-07/572 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 445 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19786 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 15-07/572 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11810 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 7 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларында:

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Автомобиль көлігінің тиесілілік нормалары

р/с №	Заттай норманың атауы	Автомобиль көлігінің функционалдық мақсаты	Өлшем бірлігі	Саны	Пайдалану мерзімі (жыл)	Т а р а л у облысы
1	2	3	4	5	6	7
		Жүйелі түрде бақылау жасау үшін (барлық аймақтар үшін)	дана	1	7	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің " Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - РФД және БӨО) әрбір аудандық филиалы үшін
		Мониторингтік жұмыстар үшін (солтүстік аймақ), оның ішінде:	дана	4	7	РФД және БӨО-ның әрбір аудандық филиалы үшін
		тұрақты	дана	1	7	
		3 айға жалға алынған	дана	3		

1

Қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрге дейінгі, жүріп өту мүмкіндігі жоғары жеңіл автомобиль көлігі

Мониторингтік жұмыстар үшін (шығыс аймақ), оның ішінде:	дана	4	7	РФД және БӨО-ның әрбір аудандық филиалы үшін
тұрақты	дана	1	7	
7 айға жалға алынған	дана	1		
3 айға жалға алынған	дана	2		
Мониторингтік жұмыстар (батыс аймақ), оның ішінде:	дана	5	7	РФД және БӨО-ның әрбір аудандық филиалы үшін
тұрақты	дана	1	7	
7 айға жалға алынған	дана	1		
3 айға жалға алынған	дана	3		
Мониторингтік жұмыстар үшін (оңтүстік аймақ), оның ішінде:	дана	5	7	РФД және БӨО әрбір аудандық филиалы үшін
тұрақты	дана	1	7	
7 айға жалға алынған	дана	1		
3 айға жалға алынған	дана	3		
Мониторингтік жұмыстар үшін (орталық аймақ), оның ішінде:	дана	2	7	РФД және БӨО әрбір аудандық филиалы үшін
тұрақты	дана	1	7	
3 айға жалға алынған	дана	1		
Мониторингтік жұмыстар үшін (барлық аймақтар үшін), оның ішінде:	дана	2	7	РФД және БӨО әрбір облыстық филиалы үшін
тұрақты	дана	1	7	
жүріп өту мүмкіндігі жоғары, тұрақты	дана	1	7	
Қызметтік пайдалану үшін, оның ішінде:	дана	4	7	
қызметтік	дана	1	7	РФД және БӨО орталық аппараты үшін

	жедел	дана	2	7
	арнайы	дана	1	7

"Ескертпе: солтүстік аймаққа Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан аудандар жатады; шығыс аймаққа Алматы, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында орналасқан аудандар жатады; батыс аймаққа Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында орналасқан аудандар жатады; орталық аймаққа Қарағанды облысында орналасқан аудандар жатады; оңтүстік аймаққа Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында орналасқан аудандар жатады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Оптикалық аспаптардың және басқа құралдар мен құрылғылардың тиесілілік нормалары";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Зертханалық аспаптар мен ыдыстардың тиесілілік нормалары";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Химиялық реактивтердің және басқа өндіріске және шаруашылыққа қажетті материалдардың тиесілілік нормалары";

5-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қосымша жабдықтың тиесілілік нормалары";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7 және 8-жолдармен толықтырылсын:

"

7	Планшеттер	дана	1	7	"РФД және БӨО" орталық аппаратының, облыстық және аудандық филиалдарының әр басшысына, маманына және лаборанты үшін
8	Геоаппараттық жүйе	көрсетілетін қызмет	1	жоқ	РФД және БӨО-ның орталық аппаратына, облыстық және аудандық филиалы үшін

";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Жабдықтың тиесілілік нормалары";

7-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Карантиндік объектілерді және ерекше қауіпті зиянды организмдерді анықтау жөніндегі тексеру жұмыстарына арналған нормалар";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 26 және 27-жолдармен толықтырылсын:

"

26	Оңтүстік Америкалық қызанақ күйесі	көбелектер бойынша және құрттар бойынша	гектар	7
27	Сібір жібек көбелегі	құрттар бойынша және жұмыртқа салымдары бойынша	гектар	5

";

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі